Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

АҚПАРАТ

Жаңатас көпсалалы колледжінде комплаенс-офицерді Турганбаев Куандык Картаевичтің ұйымдастыруымен **«Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсерін түсіндіру, парасаттылық пен адалдық құндылықтарын дәріптеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын ұғындыру.


Дөңгелек үстел барысында сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның пайда болу себептері мен салдары, қоғамның дамуына тигізетін әсері және оның алдын алу жолдары талқыланды. Сонымен қатар білім беру ұйымдарындағы академиялық адалдық, әділдік, ашықтық және жеке жауапкершілік қағидаттарына ерекше назар аударылды.

Комплаенс-офицері қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызын түсіндіріп, әрбір азаматтың заң талаптарын сақтауы мен жемқорлық көріністеріне бейжай қарамауы қажеттігін атап өтті. Білім алушылар тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, пікір алмасып, адал қоғам қалыптастырудағы жастардың рөлі туралы ой қозғады.

Іс-шара соңында адалдықты ту ету, әділдікті сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саналы ұстаным қалыптастыру – әрбір азаматтың ортақ міндеті екені айтылды.

Адалдық – адамдықтың белгісі, әділдік – қоғамның тірегі!





ИНФОРМАЦИЯ

Жанатасский многопрофильный колледж комплаенс-офицером Турганбаевым Куандыком Картаевичем был организован и проведен круглый стол на тему «Коррупция – болезнь общества».Основная цель мероприятия – разъяснить обучающимся негативное влияние коррупции на общество, пропагандировать ценности добропорядочности и честности, сформировать антикоррупционную культуру и осознать важность соблюдения требований законодательства.В ходе круглого стола были обсуждены понятие коррупции, причины и последствия ее возникновения, влияние на развитие общества и пути ее предотвращения. Кроме того, особое внимание было уделено принципам академической честности, справедливости, открытости и личной ответственности в организациях

образования.Комплаенс-офицер разъяснил участникам важность противодействия коррупции и отметил необходимость соблюдения каждым гражданином требований закона и неравнодушного отношения к проявлениям коррупции. Обучающиеся высказали свои мысли по теме, обменялись мнениями и подискутировали о роли молодежи в формировании честного общества.В завершение мероприятия было отмечено, что сделать честность своим знаменем, сохранять справедливость и формировать сознательную позицию против коррупции – общая задача каждого гражданина.

Честность – признак человечности, справедливость – опора общества!